

Жиынға қатысушыларға ілтипат білдірген Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытып, саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырған тәжік тарапы мен Президент Эмомали Рахмонға алғыс айтты. – Тәжікстанның табысты төрағалығы Ұйымның әлеуетін нығайтуға, көпжоспарлы ынтымақтастығымызды тереңдетуге үлкен үлес қосты. Бұл саммит Қазақстанда халықаралық беделді ұйым саналатын ТМД жұмысына үлкен серпін береді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ата-лып өтіп жатқанын еске салды.

– Барлық мемлекеттің дамуына жол ашатын жалпыадамзаттық құндылықтарды ауыр жағдайда қорғаған әкелеріміз бен аналарымыздың, жеңімпаз ұрпақтың өшпес ерлігін қазақстандықтар қастер тұтады. ТМД аумағында, соның ішінде Қазақстанда айтулы мерейтой лайықты деңгейде аталып өтті. Мерекелік іс-шаралардың шырқау шегі Мәскеу мен Бейжіңде өткен ауқымды әрі мазмұнды салтанатты шерулер болды. Адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыстың қаһармандары мен барша қатысушысын жадымызда мәңгі сақтау – моральдық парызымыз. Фашизмді жермен-жексен еткен Ұлы Жеңіске 80 жыл толса да, өкінішке қарай, әлем салдары ауыр тиетін жаһандық қақтығыс қаупімен тағы да бетпе-бет келіп отыр. Қазақстан Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихи шындығын бұрмалауға, фашизмді тойтарған Ұлы Жеңістің тарихи маңызын төмендетуге қатысты әрекеттерге қарсы. Халықаралық құқықтың іргесі сөгіле бастағанын, қақтығысқан мемлекеттер арасындағы сенім деңгейі әбден төмендегенін, көзқарастар қайшылығы күшейе түскенін, көпжақты дипломатияның дағдарысқа ұшырағанын, Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік әлеуеті әлсірегенін алаңдаушылықпен қабылдаймыз. Осындай геосаяси дүрбелеңдер жағдайында барлық қақтығыс факторын жою үшін ТМД елдері мен барша жақтастарымыздың күш біріктіруі өте өзекті. Мұны өзара түсіністік пен жан-жақты ойластырылған іс-қимыл арқылы шешуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, ТМД жаңа тарихи жағдайда мемлекеттер арасындағы сенімді арттырудың халықаралық тетігі ретінде сұранысқа ие құрылым екенін дәлелдеді.

Достастықтың 35 жылдығы қарсаңында Мемлекет басшысы елдер арасындағы стратегиялық серіктестікті дамытуға және Ұйым қызметін ілгерілетуге бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Жалғасы 3-бетте.



ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ТЫҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚАРАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстанның Душанбе қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысып, сөз сөйледі



■ Аудан тынысы

ЕКІ ЕЛДІ МЕКЕН ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ



Талапкер және озан іргелес жатқан Ыбырай Алтынсарин ауылында жеке үйлерге көгілдір отын беріле бастады. Аталған жоба «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы мен аудан әкімдігінің бірлесуімен жүзеге асты, жалпы құны 7 миллиард теңге.

«Өңірде тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Оның ішінде жолдарды жөндеу, сапалы ауыз сумен, электр жүйесімен қамту бар, енді міне жұртшылық көгілдір отынның да игілігін көре бастады. Осының бәрі тұрғындардың тұрмысын жайлы етуге бағытталған игі қадамдар. Бүгін міне, екі ауылға газ беру басталды. Сондықтан осынау қуанышты оқиғамен барша жұртшылықты құттықтаймын», – деді Ақмола облысының

әкімі Марат Ахметжанов.

200 шақырымдық құбырлар желісі сағатына 26,7 көгілдір отынды тасымалдай алады. Сала мамандарының айтуынша, жаңа газ қысымының реттегіштері екі елді мекендегі 7 мыңдай үйді көгілдір отынмен тұрақты түрде әрі үзіліссіз қамтамасыз ете алады. Бұл өңірдің қытымыр қысын есепке алғанда жаман көрсеткіш емес.

«Біздің компания биылғы жылы 25 жылдық межені бағындырды. Бұл ретте біз Мемлекет басшысының Астана агломерациясының экономикалық әлеуетін арттыру бойынша берген тапсырмасын басшылыққа алып отырмыз. Сондықтан Ақмола облысының елді мекендерін газдандыру жұмыстары тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартып, бизнестің дамуына жол ашады деп сенеміз»,

– деді өз сөзінде QazaqGaz» Ұлттық компаниясы АҚ Басқармасының төрағасы Әлібек Жамауов.

Алдағы уақыттары көгілдір отынмен қамту жобасы Астананың айналасын түгел қамтитын болады. Бұл өз кезегінде халықтың тұрмысын жайлы етіп, экологиялық жағдайға да оң ықпалын тигізетіндігі сөзсіз.

«Бәрі жақсы, үйіміз жылы әрі жайлы. Біз отбасымызбен өте ризамыз. Енді отын жағып, күл шығарып әуре болмаймыз. Тек бір тетікті басып жылына береміз», – деді Ыбырай Алтынсарин ауылының газға бірінші қосылған тұрғыны, 69 жастағы зейнеткер Иман Қойбағаров ризашылық сезіммен.

Т. ТІНӘЛІ.

Талапкер-Ы. Алтынсарин.

Құрметті ақмолалықтар!

Сіздерді Рухани келісім күнімен құттықтаймын!

Қазанның 18-і татулық пен түсіністіктің, сабыр мен сыйластықтың символы! Ұлты мен дініне қарамай барша жұрттың бірлігін, татулығын ту еткен Рухани келісім күні – еліміздің басты құндылықтарының бірі.

Биылғы Рухани келісім күні еліміз үшін тарихи мәнге ие. Өйткені, қыркүйектің 17-18 күндері Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII форумы сәтті өтті. Бұл – Қазақстанның бейбітшілік пен дінаралық келісімінің жаһандық орталығы екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған рухани көшбасшылар ортақ үндеу жасады: «Адамзаттың амандылығы – өзара құрмет пен рухани бірлікте!» Осынау мерекеде: әр жүрекке – ізгілік, әр отбасына – тыныштық, әр қоғамға – тұрақтылық тілеймін!

Н. ТІЛЕУБАЕВ,
Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды Талдау және дамыту орталығы» КММ басшысы.

■ **Егін орағы – 2025**

АУДАН ДИҚАНДАРЫ 295 ТЫҢ ТОННА АСТЫҚ БАСТЫРДЫ



Аудандық ауылшаруашылығы бөлімнің мәліметінше, аудан диқандары 295 тың тонна астық бастырды. Жиын-терін жұмыстары негізінен бірқалыпты, ұйымдасқан түрде өтті.

Мамандардың атап өткеніндей, егіс алқаптарын кеңейту, ауылшаруашылығы техникаларын жаңарту, сондай-ақ, мемлекет тарапынан жасалып отырған жүйелі қолдау ауданның аграрлық секторын нығайтуға оң әсер етпек.

2025 жылы өңірдегі егістік алқаптары 9 мың гектарға ұлғайып, өткен жылмен салыстырғанда 261 мың гектарға жетті.

- Дәнді дақылдар 5 мың гектарға артық себілді, (барлығы 215 мың гектар) майлы дақылдар 13 мың гектарға артық себілді (30 мың гектар). Сонымен бір мезгілде көкөніс пен мал азығы дақылдары да өткен жылғы деңгейді сақтап қалды, - деді Целиноград ауданы ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Омар Әбуов.

Егін орағына 290 астық жинайтын техника бірлігі, оны ішінде 109 трактор мен 97 автопойыз қатыстырылды. Дәнді дақылдардың орташа түсімі әр гектардан 15 центнерді құрады, 295 мың тонна астық

бастырылды. Майлы дақылдар алқабынан 10,5 мың тонна өнім жиналды, гектар түсімі 9,5 центерден айналды. Сонымен қатар 10 мың тонна картоп, 4 мың тонна көкөніс жиналды.

Егін орағы аяқталғанмен іс біткен жоқ. Қазіргі кезде диқандар келер жылдың кам-қарекетімен астықты сақтау мен өңдеу жұмыстарына кірісіп кеткен. Сонымен қатар ауылшаруашығы кәсіпорындарын жаңа техникамен қамту да жоспарланған.

Ағымдағы жылдың 1 қазанынан бастап, «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша тапсырыс қабылдау басталды.

Бұл өз кезегінде ауылшаруашылығы өнімін өндірушілерге кезекті егіс науқаны маусымына алдын ала дайындалуларына септігін тигізеді.

Аудан әкімі де диқандарға жанкиярлық еңбектері, өз істеріне адалдықтары үшін ризашылығын білдірді. «Мемлекет басшысының атап өткеніндей, Еңбек адамы - еліміздің басты байлығы. Біздің аграршыларымыздың адал әрі еселі еңбектерінің арқасында осы маусымда толайым табыстарға қол жеткіздік. Еңбектеріңіз жанып, табыстарыңыз еселе-не берсін!» - деді өңір басшысы өз сөзінде.

■ **Өңір жаңалығы**

САУДА ЖҮРІП, ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЖЕТІ ӨТЕЛДІ

Көкшетаудағы жәрмеңкеге 200 тоннадан астам ауылшаруашылығы өнімі шығарылды

Облыс орталығындағы Абылай хан алаңында кезекті ауылшаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің бағасын тұрақтандыру мақсатындағы жәрмеңке ойдағыдай өтті десек болады.

Шараға Ақмола облысының әр аймағынан келген ауылшаруашылығы өнімін өндірушілері түгелдей ат салысты. Олар барлығы 200 тоннадан астам өнімді – ет, сүт өнімдерін, бал, көкөніс, жарма, тағы басқа да азық-түлікті сатылымға шығарды. Жәрмеңке бағасы нарық бағасынан 10-15 пайызға арзан болды.

Целиноград ауданынан аталған жәрмеңкеге «Родина» ЖШС-і Агрофирмасы, «Ақтық» ЖШС-і, «Capital Project LTD», «BioNord» серіктестіктері мен басқа да кәсіпорындар қатысты. Сатылымға шығарылған өнімдер



8 мың тоннаны құрады, оның ішінде сиыр еті, жылқы, қой, құс еттері, шұжық өнімдері, жұмыртқа және сүт өнімдері бар.

Жәрмеңке қонақтары мен қала тұрғындарына арналып концерттік бағдарлама ұсынылды. Ақмола облысының шығармашылық ұжымдары әсем әннен шашу шашты. Бұл игі шараға мерекелік әр берді.

Жәрмеңкеге жиналған жұртшылық кең ауқымдағы азық-түліктерді жаппай сатып алып жатты.

Осындай маңыздағы ұйымдастырылған жәрмеңкелердің отандық өнім өндірушілерді қолдауға септігін тигізіп, ішкі нарықты дамытуға жол ашатындығы сөзсіз.

Қайрат ӘЛІМБАЕВ,
аудан әкімінің кеңесшісі.

■ **Baquatty audan**

Софиевка ауылында балалардың ойын алаңын қайта жөндеу аяқталды. Аталған жобаны жүзеге асыру балалар мен ата-аналардың қауіпсіз, жайлы жағдайда демалып тынығуына арналған.



БАЛАЛАР АЛАҢЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Жаңарған нысанды аудан әкімі Дарын Сабырғали аралап көріп, ауыл тұрғындарымен, мердігер ұйым және жергілікті қоғамдастық өкілдерімен диалогтасты.

Жоба аясында негізгі жамылғыны жаңасына ауыстыру, шағын архитектуралық нысандарды орнату, әткеншектер мен сырғанақтарды, жасөспірімдер мен ересектерге арналған спорттық тренажерларды орналастыру, жаңа орындықтар мен қоқыс жәшіктерін қою қамтылған. Сондай-ақ, аумақты көгалдандыру, флагшток, жарықтандыру, бейне бақылау камералары да орнатылған.

Жобаның жалпы құны 42 миллион теңгені құрады, оның 21 миллионы жеке қаржы есебінен бөлінген. Қосымша 21 миллион теңге трансферт



түрінде аудандық бюджеттен бөлініп отыр. Ауыл тұрғындары болса балаларға осындай сый жасаған аудан басшылығы мен мердігер ұйымға өз алғыстарын білдірді.

Өз кезегінде ауыл тұрғындарымен кездесіп, әңгімелескен аудан басшысы Дарын Сабырғалиұлы жаңа нысанды күтіп ұстау қажеттігін баса айтып, елді мекендерді абаттандыру жұмыстарының жалғаса беретіндігін тілге тиек етті.

«Осындай аландарды құру – ауылдарды дамытып, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал ететіндігі сөзсіз. Ең бастысы әр адам осындай нысандарға қамқорлықпен, жауапкершілікпен қарағаны абзал. Алдағы уақытта осындай жобалар ауданның өзге де елді мекендерінде жүзеге асатын болады», - деді ол өз сөзінде.

Р. БЕЛГІБАЙ.



■ Саммит

ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ТЫҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚАРАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстанның Душанбе қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысып, сөз сөйледі



Жалғасы. Басы 1-ші бетте.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру негізгі басымдықтардың бірі болып калуға тиіс екенін айтты.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша ТМД елдері сауда айналымының жалпы көлемі 8 пайыз ұлғайып, 110 млрд долларға жетті. Сонымен қатар кейінгі бес жылда Қазақстанның Достастық мемлекеттерімен алыс-берісі бір жарым есе өсіп, 38 млрд долларды құрады. Бұл көрсеткіш Ұйымның сауда-экономикалық әлеуетін танытады және әлі де мүмкіндіктердің бар екенін байқатады. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға қажетті институттық және құқықтық базамыз бар. Өзара тиімді талаптарға сай қызмет көрсету нарықтарына тікелей әрі кедергісіз қолжетімділікті кеңейтуге, бірлескен өндірістерді іске қосуға, негізгі салалардағы кооперациялық байланыстарды күшейтуге баса мән беру керек деп санаймыз. Инвестиция тарту, көлік-транзит әлеуетін тиімді пайдалану, цифрлық шешімдер енгізу және өңірлердің тең дәрежелі байланыстарын дамыту басымдықтардың қатарында болуға тиіс. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің экономикалық өсімін қамтамасыз етудің тың мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынамыз. Мұны келесі жылы сәуір айында БҰҰ аясында Астанада өтетін халықаралық форум алаңында ұйымдастыруға болады. Жиын қауіпсіздік пен дамудың қазіргі сын-қатерлерінің себеп-салдарын зерделеуге арналады. Осылайша, ТМД-ның жетекші сарапшылары қазіргі уақыттың қиын проблемаларын шешуге үлес қоса алар еді. 2026 жылы Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ органына төрағалық етеді. Еліміздің төрағалығы аясында бірқатар маңызды іс-шара жоспарланған, соның ішінде Еуразиялық экономикалық форум ұйымдастырылмақ. Орайлы сәтті пайдаланып, құрметті әріптестерімді, сондай-ақ ТМД елдері үкіметтерінің мүшелері мен бизнес өкілдерін форум жұмысына белсенді қатысуға шақырамын. Аталған алаңда елдерімізге қатысты ортақ мәселелер қарастырылатынын ескере отырып, оған ЕАЭО мен ТМД-ның бірлескен іс-шарасы мәртебесін беруді қарастыруды ұсынамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент белсенді жұмыс істейтін көлік дәліздері табысты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың кепілі екенін атап өтті. Біздің аймақ Еуропа мен Азияны жалғап, жаһандық көлік-логистика жүйесінде ерекше рөл атқарып келеді.

– «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізі ТМД мемлекеттері үшін Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің

нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс – Батыс» бастамасы мен Транскаспий бағдары Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мега жобасымен ұштасып, ТМД аумағын Еуразиядағы тоғыз жолдың торабына айналдырады. Өңіріміздің транзиттік мүмкіндіктерін жақында ғана Қазақстан аумағында іске қосылған «Достық – Мойынты» теміржол желісі күшейте түседі. Ол ТрансҚазақстан теміржол дәлізін қалыптастырудың негізін қалайды. Бірақ мемлекеттеріміздің көлік саласындағы әлеуетін толық ашу үшін біздің алдымызда заманауи инфрақұрылым қалыптастыру міндеті тұр. Достастықтың бірыңғай цифрлық көлік-логистика картасын әзірлеуді ұсынамын. Бұл ұлттық инфрақұрылымдық жоспарларды біріктіруге және көлік байланыстарының тұтас кеңістігін жасақтауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде ол инвестиция көлемін арттыруға жағдай жасайды. Бүгінде Қазақстан бастамашы болған ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін күре жолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасы бойынша жұмыстар аяқталып келеді. Жүк ағынын тиімді басқару, шығындарды төмендету және тәуекелдерді азайту үшін бұл құжатты жасанды интеллект технологияларын енгізуді көздейтін ережелермен толықтыру қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мен жасанды интеллект мемлекеттердің орнықты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторына айналғанына мән берді. Қазақстан мемлекеттік басқару, әлеуметтік сала мен азаматтардың тұрмыс-тіршілігін қамтитын цифрлық күн тәртібін жедел ілгерілетіп келеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды, Цифрлық кодекс бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ аталған саладағы барлық бастама мен жобаны ұлттық стратегияға біріктіретін Цифрлық Қазақстан тұжырымдамалық құжаты әзірленуде. Президент еліміз ТМД мемлекеттерімен осы саладағы ынтымақтастыққа ашық екенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы жуырда елімізде жасанды интеллект саласына маманданған университет құру жөнінде шешім қабылданғанына тоқталды. Бұдан бөлек, 400 мың студентті қамтып, зерттеушілер командасы мен DeepTech стартаптарының қалыптасуына қолайлы жағдай жасайтын мемлекеттік бағдарлама табысты жүзеге асырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы жобаны кеңінен таратуды ұсынып, жаһандық нарықтағы қатаң бәсеке жағдайында жұмыс істеуге қабілетті мамандардың жаңа буынын даярлау мақсатында Қазақстанның Достастық елдерімен ынтымақтастық орнатуға әзір

екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы экологиялық қауіп, табиғи және техногендік апаттар ТМД елдерінің орнықты дамуына зор қатер төндіреді деп санайды. Президенттің айтуынша, мұндай жағдайларды ерте бастан анықтаудың және ескертудің тиімді тетіктерін қарастыру – маңызды міндет.

– Климаттық және техногендік төтенше жағдайларды болжаудың өңірлік орталығын құру арқылы бірлесе жұмыс істеуді ұсынамыз. Каспий теңізінің тез тартылып бара жатқаны зор алаңдаушылық туғызып отыр. Негізі, бұл – өңірлік қана емес, жаһандық проблема. Сондықтан біздің бастамамызбен әзірленіп жатқан Каспийдің су ресурстарын сақтау бойынша мемлекетаралық бағдарламаға қосылуды ұсынамыз. Мұндай маңызды құжатты дайындауға Каспий теңізінің жағалауындағы елдермен бірге барлық мүдделі мемлекеттер және халықаралық ұйымдар тартылуға тиіс, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық қатынастар елдерімізді біріктіретін негізгі фактор екеніне назар аударды. Президент дәстүр мен инновацияны, тарихи мұра мен заманауи технологияны сабақтастыратын креативті индустрияны дамытудың болашағы зор деп есептейді.

– Қазақстан осы саланы дамыту бағытында жұмыс атқарып жатыр. Бүгінде креативті секторымыздағы қосылған құн 2 млрд доллардан асады. Бұл индустрияда 143 мың адам жұмыс істейді. Креативті индустрия экономикамызға оң ықпал етуде. Ең маңыздысы, ол мәдени дипломатияның, елдеріміз арасындағы достық пен тату көршілікті нығайтудың тиімді тетігіне айналды. ТМД елдерінің бұл бағыттағы әлеуеті зор. ТМД-ның гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық қоры базасында Креативті индустрия қауымдастығын құруды ұсынамын. Оның басты мақсаты жас таланттарды қолдау, бірлескен жобаларды іске асыру, креативті экономиканың экожүйесін қалыптастыру болуы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ТМД-ның әлемдік аренадағы абырой-беделін нығайтудың маңызына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан Достастықтың халықаралық байланыстарын жандандыруды дәйекті түрде қолдайды.

– Естеріңізде болса, 2023 жылы Қазақстан Республикасының ұсынысы бойынша ТМД-ның Байқаушылары мен Серіктесі институты бекітілді. Бұл бастаманың алғашқы нәтижелері байқала бастағанын ризашылықпен атап өткім келеді. Бүгін Шанхай ынтымақтастық ұйымына Байқаушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдаймыз. Бұл оқиға Еуразияның аймақтық құрылымдар ықпалдастығы тарихының жаңа парағын ашады. Бұдан бөлек, Мәскеудегі саммитте Қазақстан ұсынған «ТМД плюс» форматында қарым-қатынас орнатуды қолдаймыз. Аталған қадам ТМД-ның халықаралық аренадағы ролін нығайта түседі, – деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Кеңестің келесі жылы Ұйымға Түрікменстанның төрағалық ету жөніндегі шешіміне қолдау білдірді.

– Түрікменстан Президенті Сердар Гурбангулыевич Бердімұхамедовті осы маңызды әрі құрметті миссияны қолға алуымен құттықтаймын. Мақсатымыз ортақ – Достастықты жасампаздық пен өрлеудің, жаңа идеялар мен мүмкіндіктердің кеңістігіне айналдыру. Бірлескен күш-жігер арқылы ТМД-ны қарқынды, тиімді әрі болашаққа нық қадам басқан халықаралық ұйым ретінде нығайта алатынымызға сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Отырыста Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев сөз сөйледі.

"Egemen Qazaqstan", №197.

Хабарланыру

«СПК Керемет2017» Өндірістік кооперативі «Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер ауылы, 068-үй, 4459-үй мекен-жайы бойынша «Мал шаруашылығы кешенінің құрылысы» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне арналған жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған. Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 23 қазаннан бастап Қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстардың Ұлттық деректер базасы сайтында 5 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Бастамашысы - «СПК Керемет2017» Өндірістік кооперативі, БСН: 170640015210, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер ауылы, көшесі Бейбітшілік, үй 18. +7 702 110 1041.

Жобалық құжаттама әзірлеушісі және қосымша ақпарат алу үшін байланыс: А.Д. Сейсенбаева ЖК, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114в. Тел.: 87058742384.

Мүдделі жұртшылық өзінің ескертулері мен ұсыныстарын жіберетін жергілікті атқарушы орган – «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қ., Абай к-сі 89, тел.: 8(7162)402807; natur@akmola.gov.kz

Целиноград ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі қызығушылық танытқан тұлғаларды (қоғам өкілдері мен жергілікті халықты) келесі жұмыс жобалары бойынша ашық жиналыс форматында өткізілетін қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады:

«Ақмола ауылының даму және құрылыс сұлбасы (шағынелді мекеннің бас жоспарының жеңілдетілген нұсқасы), Целиноград ауданы, Ақмола облысы» Аталған жобалардың негізгі мақсаты – ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық және қала құрылыстық дамуының ұзақ мерзімді перспективасын айқындау, тұрғындардың жайлы өмір сүруі мен аталған елді мекендердің тұрақты дамуына бағытталған аумақтың сәулеттік-жоспарлау құрылымын қалыптастыру болып табылады. **Қоғамдық тыңдаулар өтетін күні мен уақыты: 29.10.2025 ж. – Ақмол ауылы, Наурыз көшесі, 34 (сәулет бөлімі ғимараты), сағат 10:00**

Жоба материалдарымен танысуға жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін төмендегі мекенжай бойынша болады: Ақмол ауылы, Наурыз көшесі, 34 (сәулет бөлімі ғимараты).

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электрондық түрде [тыңдауларға дейін 3 жұмыс күні бұрын көрсетілетін мерзімге дейін] төмендегі электрондық поштаға қабылданады: e-mail: arhitector_celin@mail.ru

Тапсырыс беруші: Целиноград ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі Жобалаушы ұйым: «ЮГЕОСТАНДАРТ» ЖШС.

«АКЛЕР ГРУПП» ЖШС хабарлайды, 2025 жылғы 21 қарашада сағат 11:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиевка ауылдық округі, Софиевка ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 33, Мәдениет үйі мекен-жайында «АКЛЕР ГРУПП» ЖШС-ның ықтимал әсерлері туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Жобалық құжаттама топтамасымен Бірыңғай экологиялық порталда (ecoportal.kz), сондай-ақ Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>) танысуға болады.

Әсер ету аумағы: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиев ауылдық округі, 746. Координаттар: 51°25'27.36»С 71°47'26.97»Ш, 51°25'27.92»С 71°47'27.93»Ш, 51°25'27.60»С 71°47'28.52»Ш, 51°25'26.94»С 71°47'27.52»Ш.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары енгізілген жағдайда, оның ішінде карантин,

әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында беріледі.

Zoom конференциясына келесі сілтеме арқылы қосылуға болады:

<https://us05web.zoom.us/j/86548875355?pwd=8TgPrtYRFcrhHuIwThAgNFNYg0bqqF.1>

Конференция идентификаторы: 865 4887 5355.

Кіру коды: kN87UT

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «АКЛЕР ГРУПП» ЖШС, ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, 43 үй, 17 кеңсе. Тел. +7 (747) 773-59-69, e-mail: eco-rbk@mail.ru.

Әзірлеуші: «Республикалық еңбек және экология қорғау орталығы «РҰҚСАТ» ЖШС, Астана қаласы, Отырар көшесі, 3 үй, 85 пәтер, БИН 050 740 013 681. Байланыс: 8(7172)21-22-21, эл. пошта: ruksat.too@mail.ru.

«АКЛЕР ГРУПП» ЖШС хабарлайды, 2025 жылғы 21 қарашада сағат 15:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиевка ауылдық округі, Софиевка ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 33, Мәдениет үйі мекен-жайында «АКЛЕР ГРУПП» ЖШС-ның РШН, ҚББ, ӨЭБ жобалар туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Жобалық құжаттама топтамасымен Бірыңғай экологиялық порталда (ecoportal.kz), сондай-ақ Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>) танысуға болады.

Әсер ету аумағы: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиев ауылдық округі, 746. Координаттар: 51°25'27.36»С 71°47'26.97»Ш, 51°25'27.92»С 71°47'27.93»Ш, 51°25'27.60»С 71°47'28.52»Ш, 51°25'26.94»С 71°47'27.52»Ш.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары енгізілген жағдайда, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында беріледі.

Zoom конференциясына келесі сілтеме арқылы қосылуға болады:

<https://us05web.zoom.us/j/83872229421?pwd=uO4u3eLbpoVL7TZCSi89yrhW3zQDgW.1>

Конференция идентификаторы: 838 7222 9421.

Кіру коды: Htyr4b

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «АКЛЕР ГРУПП» ЖШС, ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, 43 үй, 17 кеңсе. Тел. +7 (747) 773-59-69, e-mail: eco-rbk@mail.ru.

Әзірлеуші: «Республикалық еңбек және экология қорғау орталығы «РҰҚСАТ» ЖШС, Астана қаласы, Отырар көшесі, 3 үй, 85 пәтер, БИН 050 740 013 681. Байланыс: 8(7172)21-22-21, эл. пошта: ruksat.too@mail.ru.

«ҚАРА БҮРКІТ» ЖШС «Шөгінді тау жыныстарының кен орындары (құрылыс құмы) Қарабүркіт Целиноград облысы, Ақмола облысы» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Өтетін орны: 24.11.2025 ж сағ.11:00 Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер а. (Талапкер а. мектеп акт залы).

24.11.2025 ж сағ.15:00 Ақмола облысы, Целиноград ауд., Қажымұқан а. К.Мунайтпас к-сі 45. (әкімдік ғимараты).

Қатысушылар жеке басын куәландыраты құжатты көрсеткеннен кейін тіркеле алады.

Қосылу мәселелері бойынша әзірлеушінің телефондарына хабарласуға болады.

Тұтынушы, мәліметтер мен байланыс деректері: «ҚАРА БҮРКІТ» ЖШС Астана қ-сы, Есіл ауданы, Түркістан к-сі 28/2 үйі, 18. ЖСН 201240002413

Әзірлеуші: «СЕВЭКОСФЕРА» ЖШС, Петропавл қ-сы, Алтынсарин көшесі 168Б. 46-77-56

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: 8(7162)402807. <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr>.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған ақпараттық жүйеде <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Бірыңғай экологиялық порталында және «Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында белсенді сілтеме беріледі.

Жоба бойынша ақпарат алуға және құжаттардың көшірмелерімен танысуға, сондай-ақ жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар жіберуге болатын электрондық және пошталық мекенжайы: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89, e-mail: natur@aqmola.gov.kz, Expesco@mail.ru

Қосымша ақпаратты ақпараттық веб-сайттан табуға болады.

«AIVI COMPANY» ЖШС хабарлайды, 2025 жылы 27 қарашада сағат 11:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиевка ауылдық округі, Софиевка ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 33, Мәдениет үйінде «AIVI COMPANY» ЖШС кірпіш зауыты үшін төмендегі жобалар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЭМИССИЯЛАР НОРМАТИВТЕРІНІҢ ЖОБАСЫ. АТМОСФЕРАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ЖОЛ БЕРІЛЕТІН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВТЕРІ. ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ (ҚББ). ӨНДІРІСТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ.

Жобалық құжаттама топтамасымен Бірыңғай экологиялық порталда (ecoportal.kz), сондай-ақ Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>) танысуға болады.

Әсер ету аумағы: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиев ауылдық округі, 746. Координаттар: 51°42'23.90»С 71°78'87.32»Ш, 51°42'53.67»С 71°79'42.79»Ш, 51°42'24.63»С 71°81'80.9 5»Ш, 51°41'79.97»С 71°80'94. 74»Ш.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары енгізілген жағдайда, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында беріледі.

Zoom конференциясына келесі сілтеме арқылы қосылуға болады:

<https://us04web.zoom.us/j/74103525356?pwd=JOyojMiVUDJurdHaJg4SHmsQn7Ov4e.1>

Конференция идентификаторы: 741 0352 5356

Кіру коды: AjnD5g

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «AIVI COMPANY» ЖШС, ҚР, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиевка ауылы, Молодежная көшесі, 4-үй, тел. 8-717-2-32-35-99, e-mail: zavod356@mail.ru

Әзірлеуші: «ЭКОС» ЖШС, ҚР, 010000, Астана қ., Иманов к-сі, 9-үй ВП-5, тел. / факс: +7(7172) 21-22-21, 21-70-12, e-mail: info@ecosld.kz



**Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ**

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күзегіні 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 201
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға – берген кісілер жауапты.



**Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537**

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

